

## БӨЛІМ: ДЕФЕКТОЛОГИЯ

## Көңіл-күй әлеміне саяхат. Эмоция

ЖАРИЯЛАНДЫ  
15.05.2017СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/13547/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Абдуллаева Меруерт Сериковна****Түзету сабағы****Сабақтың тақырыбы:** Көңіл-күй әлеміне саяхат. Эмоция**Сабақтың мақсаты:****Білімділік мақсаты:** Оқушыны қоршаған әлеммен таныстыру**Коррекциялық мақсаты:** Баланың ақыл-есін, ойлау қабілетін, сөйлеу тілін анықтау**Тәрбиелік мақсаты:** Табиғатты сүйеге баулу**Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі:**

— Сәлемдесу. Бір-біріне күлімдеу

-Бүгін қай күн?

Ми гимнастикасы.

Ширату.

Бір қайшының неше сақинасы бар? (2 сақинасы бар)

Ұшатын көлік қалай аталады? (тік ұшақ, ұшақ)

**2.Эмоцияға арналған жаттығулар**

Айнаға қарап:

-күлімдеу

-мұрын тыржыйту

-күлімдеу

-көздерін төңкеріп жақсы ойлау

-іштей «И» әріпін айту

3. **Әртүрлі эмоцияға** байланысты, түрлі **интонациямен** «Сәлеметсіз бе?» сөзі айтылады: -Қуанышты; -қорқу түрінде, -ашулы;

-Ал, енді біз саяхатқа аттанайық...

### **«Шеберлер» қаласы.**

-Бұл елдің адамдары эмоцияны ұмытыпты.

### **Өлеңді әртүрлі екпінмен айту немесе әр аңның кейпінде орындау:**

Қорбандаған аюдың

Құлпынайы көп екен

Теріп, теріп алайық

Қалтамызға салайық

-қорқып тұрған күйде

-жылаған күйде

— қуанышты күйде

### **«Көңілсіздер өзені» .**

-Бұнда жануарлардың көңіл-күйі қандай? Неге?Суретпен жұмыс.

Қасқыр: 1.көзінен жас аққанша күлуі.Себебі: құмырсқа табанын қытықтауда.2.Жылауы.Себебі: тіс ауырып жедел жәрдем шақыруда.

3.Қорқып тұр. Себебі: Саңырауқұлақ үстінен құрт шығып келеді.

Қоян: 1.Таң қалу Себебі: біреудің ауласына қарап тұр 2.Жылау.Себебі: кірпі тікені табанына кірді.3. қуанды Себебі: бір сандық алтын тауып алды.

### **Қорытынды.**

#### **Ойын «Түспен ажырату»**

**Ойынның мақсаты:** Адамның мінез-құлқын бояумен көрсетіп,жағымды жақтарын түспен ажырату.

Оқушыға адамның қасиеттерін кемпірқосақ тәрізді етіп бояу тапсырылады. Қандай қасиетті қай түспен бояуды баланың өзі шешеді. Ойын соңында адамның

мінез-құлқын көрсету үшін қай түсті неге таңдағанын өзі түсіндіріп береді.

-Кім ең көңілді? Суреттегі бейнелерді салыстыра табу.

-Бүгінгі өз көңіл-күйіңді көрсет.

-Рахмет -Сау бол!

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.